

МРНТИ 16.01.09

Б. Әбілқасымов

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор

**ҚАЗАҚ ЖАЗБАСЫНДА ӘЛІПБИ АУЫСТЫРУДЫҢ ТАРИХЫ
ХАҚЫНДА**

Аннотация. Мақалада автор бүгінгі қолданыстағы кирилл графикасын жетілдіру мен жеңілдету туралы мәселелерді көтереді. Сонымен бірге өткен тарихымыздағы әліппе өзгертуге қатысты тәжірибемізге сүйеніп, тілімізде шектен тыс көбейіп кеткен орысша терминдердің қазақша баламасын жан-жақты талқылау мен тиімді әдіс негізінде жүргізілуі тиіс деп санайды.

Тірек сөздер: әліпби, әліпби өзгерту, латын графикасы, орыс графикасы, миссионер, Байтұрсынұлы жазуы.

Б. Абилқасымов

Главный научный сотрудник Института языкознания имени
А. Байтұрсынова, доктор филологических наук, профессор

**ОБ ИСТОРИИ ИЗМЕНЕНИЯ КАЗАХСКОГО АЛФАВИТА В КАЗАХСКОЙ
ПИСЬМЕННОСТИ**

Аннотация. В статье автор поднимает вопросы совершенствования и упрощения существующей сегодня кириллической графики. В то же время, опираясь на наш опыт по изменению алфавита в нашей прошлой истории, он считает, что казахский эквивалент русских терминов, которых стало слишком много в нашем языке, должен основываться на всестороннем обсуждении и эффективном методе.

Ключевые слова: алфавит, изменение алфавита, латинская графика, русская графика, миссионер, Байтұрсынұлының жазуы.

B. Abilkasymov

Chief researcher of the Institute of Linguistics named after A. Baitursynov,
doctor of philological sciences, professor

ABOUT THE HISTORY OF THE KAZAKH ALPHABET CHANGE

Annotation. In the article, the author raises the issues of improving and simplifying the Cyrillic graphics that exist today. At the same time, drawing on our experience in changing the alphabet in past history, he believes that the Kazakh equivalent of the Russian terms that prevail in our language should be conducted on the basis of a comprehensive discussion and an effective method.

Keywords: alphabet, the alphabet changes, Latin graphics, Russian graphics, missionary, Baitursynov writing.

Бүгінгі еліміз егемендік алып, мәдениетіміз бен салт-санамызда ата дәстүрін, ежелгі тарихи-мәдени байлығымызды қалпына келтіруге кіріскен шақта жазу мәдениетімізді де жөндеу, әліпбиіміздің олпы-солпы жақтарын бір ізге түсіру мәселесі күн тәртібіне қойылып отыр. Бұл ынғайда баспасөз бетінде сан алуан пікірлер айтылууда. Соның ішінде қолданылып отырған алфавитімізді тағы да өзгерту, яғни латын алфавитіне қайтадан көшуді ұсынатындар мен оны қолдаушылар көпшілікке айналып келе жатыр. Мұндайда латын графикасына көшудің артықшылығымен қатар жалпы алфавит өзгертудің зиянды жақтары да толық ашылуы қажет. Сан ғасырлық тарихы бар аз уақытта латын графикасынан жеріп, орыс графикасына көштік. Орыс графикасына негізделген алфавитіміздің басты кемшілігі неде? – деген тәрізді сұрақтарға толық жауап берілуі керек сияқты. Бұл мақалада бір ғасырға жетер-жетпес уақытта бірнеше рет алфавит өзгертудің нақтылы себептері мен салдарына қысқаша шолу жасап, тарих тағылымын тағы да еске салу көзделеді.

Қазақ халқы өзге түркі халықтары сияқты IV–V ғасырлар бойы араб жазуын пайдаланды. Тек XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қана қазақ оқығандары, оның ішінде Ыбырай Алтынсарин тәрізді ағартушылар, қазақтың ұлттық жазба әдеби тілін қалыптастыру үшін оның дыбыстық жүйесін дұрыс бере алатын жаңа алфавит қабылдауды не қолданылып жүрген араб графикасын біраз жетілдіруді күн тәртібіне қоя бастады. Сол тұстағы мерзімді баспасөз беттерінен қазақтың орысша оқығандарының арасында араб жазуының кемшілік жақтарын сынай отырып, қазақ жазуына орыс графикасын енгізу жайында мақала жазушыларды да кездестіреміз. Міне, осы пікір ағымын өз мақсаттарына шеберлікпен пайдаланып қалғысы келген орыс миссионерлері араб жазуының түркі тілдерінің дыбыстық жүйесін дәл бере алмайтындығын, оған қарағанда орыс графикасының артықшылығын уағыздай бастады. Белгілі миссионер, шығыстанушы Н.И.Ильминскийдің пікірінше, алфавит қай уақытта да дінмен бірге қабылданған. Мәселен, Батыс Европа латын алфавитін латын шіркеуі, орыстар грек алфавитін славян шіркеуі арқылы қабылдаған. Тағарлар (бұл жерде «түрік» деген мағынада-Б.Ә.) да өзге мұсылман елдері тәрізді араб жазуына ислам дінінің таралуына байланысты көшкен. Араб жазуы – оларды ислам дінімен байланыстырушы үлкен құрал. Сондықтан, оның ойынша, түркі халықтарының жазуына орыс алфавитін енгізу арқылы «екі қоянды бір оқпен өлтіруге болады». Біріншіден, оларды мұсылман дінінен айыруға болады, екіншіден, біртіндеп православие дініне көшіруге болады. Бұл мәселеге миссионерлердің, кейін орыс үкіметінің ерекше мән беруінің себебі де осында жатса керек.

Алайда, миссионерлер араб жазуын тастап, орыс жазуына көшіруді тікелей өздері жүргізуге бата алмады, сондықтан бұл шаруаны орыс мектебін бітірген қазақ жастары арқылы істеуді мақұл көрді. Бұл жайында өз кезінде Н.И.Ильминский былай деп жазды: «Орыс мектептерінде (бұл арада Омбы, Орынбор кадет корпустары мен орыс-қазақ школдарын айтып отыр-Б.Ә.) тәрбие алған қазақ жастары арасында, сөз жоқ, мұсылман дініне салқын қарайтын, өз ана тілдерін жанын сала сүйетіндер бар. Соларға орыс алфавитін қазақ тілінің өзіндік ерекшелігін сақтаудың негізгі амалы деп ұғындыра алсақ, олар қырғыз (қазақ-Б.Ә.) тіліне орыс алфавитін енгізуде көп нәрсеге көмектесе алар еді» [1, 20]. Бұл идея өз уақытында Р.Дүйсенбаев, О.Әлжанов сияқты қазақ оқығандары тарапынан қолдау да тапқан. Мәселен, Р.Дүйсенбаевтың «Дала уәлаяты газетінде» жарияланған «Қазақ алфавиті туралы мәселеге» деген мақаласында автор араб әліппесінің кемшілігі ретінде ондағы дауысты дыбыстарды таңбалайтын әріптердің жеткіліксіздігін және олардың дәстүр бойынша үнемі жазыла бермейтіндігін, мұның өзі бір-біріне ұқсас сөздерді дұрыс оқуда қиындық келтіретіндігін көрсете келіп, қазақ тілінің дыбыстық жүйесін толық бере алатын алфавит жасау мәселесін ұсынады. Ондағы бірінші кезекте ұсынатыны – орыс алфавиті [2]. Сол газеттің тұрақты авторларының бірі О.Әлжанов болса, ол «Орыс әліппесі араб жазуына қарағанда, қазақ тілі дыбыстарын дәл және жақсы бере алады», – дей

келіп, «орыс жазуын пайдаланғанда, орысша оқитын қазақтарға да, қазақша білемін деген орыстарға да үлкен жеңілдік болар еді» – деп көрсетеді [3]. Бұдан өзгеше де пікірлер болған. Мәселен, Д.Сұлтанғазин «Қазақ сөзін қалайша жазу туралы» деген мақаласында араб әліппесінің кемшілік жақтарын дұрыс көрсете отырып, қазақ сөздерін жазуға өзгеріссіз алса, орыс, латын графикаларының да келе бермейтіндігін дәлелдей келіп, жаңа бір алфавит қабылдағаннан төрі «қазақтардың не заманнан бері, ғадет алып үйренген» араб әліппесін қазақ тіліне лайықтап біраз өзгерту туралы ұсыныс жасайды: «Солайша өзгертен уақытта, – деп жазады ол, – араб хариітері мұнан да жақсы болар еді» [4].

Қазақ жазуын орыс графикасына көшіру туралы мәселе 1876 жылдан бастап әртүрлі деңгейде бірнеше рет көтерілгенімен, Қазан төңкерісіне дейін өз шешімін таба алған жоқ. Бұның себебін кейін шығыстанушы Н.Яковлев былай түсіндіреді: «Орыс графикасы миссионерлер мектебі арқылы таратылғандықтан, кейбір халықтардың ұлттық сезіміне жағымсыз әсер етті. Бұл – орыстандыру және зорлықпен ұлттық ерекшеліктерді жою үшін істелген іс деп есептелінді» [5, 38].

XX ғасыр басында Ресейге қарайтын елдерде алфавит жөндеу жұмысы қайтадан қолға алына бастады. Түрік халықтарының ішінде бірінші болып Әзербайжанда Мырза Фатали Ахундов араб жазуын латын графикасымен ауыстыру идеясын ұсынды. Бұл ұсыныс түрік халықтары тарапынан қолдау таппады. Мәселен, қазақ оқығандары, оның ішінде ағартушы ғалым Ахмет Байтұрсынұлы, араб әліппесін қазақ тіліне ыңғайлау ісімен айналысты. Ахаң 1895-1909 жылдары әр сатылы мектептерде бала оқыта жүріп, араб алфавитінің оқушылардың сауаттануына көп қиындық келтіретіндігін, оның басқа да кемшілік жақтарын тәжірибеде байқап барып, оны жетілдірудің жолын қарастырады. Бұл саладағы өзінің келген тұжырымдарын «Айқап» журналының 1912 жылғы 4 және 5-сандарында жарияланған «Жазу тәртібі» деген мақаласында баяндайды. Бұл жобада араб алфавитіндегі қазақ дыбыстарын білдірмейтін кейбір басы артық таңбаларды алып тастау, қазақ тіліндегі *ы, е, и, о, ұ* дыбыстарының әрқайсысына жеке таңбалар алу ұсынылады. Бұл жобадағы тағы бір ерекшелік – түрік тілдеріне тән сингармонизм заңдылығын мейлінше пайдалану, яғни түрік тілі сөздерінің бірыңғай не жуан, не жіңішке айтылатындығы ескеріліп, сөздің жіңішкелігін білдіру үшін оның алдына бір-ақ таңба – дәйекші (-) қойса, дауыстылардың жіңішке варианттарына (*і, ө, ү*) әдейі таңба алудың қажеттілігі болмай қалатындығы. Сөйтіп, Ахаң жөндеген жаңа қазақ алфавитінде бас-аяғы 24 әріп, таңбасы болып шығады. А.Байтұрсынұлының қазақ жазуына икемдеген араб алфавиті мектеп оқытушылары және басқа да қазақтың, татардың зиялы азаматтары тарапынан қолдау тауып, күнделікті өмірде қолданыла бастады. Осы алфавитпен «Қазақ» газеті (1913-1919), көптеген көркем әдебиет шығармалары шығып тұрды. Алайда бұл алфавит ресми түрде тек 1924 жылы Орынбор қаласында өткен қазақ-қырғыз білімпаздарының тұңғыш съезінде ғана қабылданды.

Бұдан аз уақыт өтпей жатып, Мәскеуде шығатын «Жизнь национальностей» деп аталатын орталық журнал бетінде араб алфавитін латын графикасымен не орыс әліппесімен ауыстыру мәселесі көтерілді. Мұны тағы да Әзербайжан оқымыстылары бастап, кейбір түрік халықтары уәкілдері қостап, пікірталасын қозғады. Ақыры бұл мәселе 1926 жылы Баку қаласында өткен Бүкілодақтық I түркологиялық съезд талқылауына ұсынылды. Съезд делегаттары екіге жарылып, бірі бұрыннан қолданылып келе жатқан араб графикасын реформалап («Байтұрсыновский алфавит») қолдануды жақтаса, екінші тобы жазуын тастап, латынға көшуді қолдады. Қазақстаннан барған делегаттар А.Байтұрсынұлы, Е.Омарұлы халықтарының латын графикасын қабылдауын дұрыс деп тапты.

Түркологтар съезі шешімі жарияланысымен басқа республикадағы сияқты Қазақстанда да «Орталық жаңа әліппе комитеті» құрылып, мерзімді баспасөз беттерінде алфавит, емле проблемаларына арналған мақалалар жиі басылып, онда көбіне - көп латын графикасын насихаттау кең орын алды. Орталық жаңа әліппе комитеті 1927 жылы әуелі

Ташкентте, кейін Қызылордада жазу, әліппе мәселелеріне арналған конференциялар өткізді. Бұл конференцияларда Ә. Байділдаұлының «Қазаққа араб әліппесін тастап, латын әліппесіне керек» деген баяндамасы, оған қарсы Ахмет Байтұрсынұлының «Араб графикасында қалуымыздың қажеттілігі жайлы» баяндамасы тыңдалды. Айтысқа қатысушылар арасында екі ұдай пікір болды, бірі (І. Ахметұлы, М. Дулатұлы, Е. Омарұлы, Ә. Байтасұлы т.б.) араб графикасында қалуды, екіншілері (Т. Шонанұлы, Ә. Ермекұлы т.б.) латын алфавитін қабылдауды жақтап сөйледі.

А.Байтұрсынұлының араб жазуын жақтағандағы негізгі дәлелдері – бұл алфавиттің 12–13 жыл бойы қолданылып, орнығып қалғандығы, қазақ тілінің дыбыстық табиғатына лайықталып өзгертіліп, қазақ мәдениеті мұқтаждығын тол-ық өтеп отырғандығы және оның дыбыс әдісімен оқыту ісіне айтарлықтай қолайлы болып шыққандығы. Сондай-ақ, Ахаң бұл алфавиттің полиграфиялық мүмкіндіктері мен экономикалық тиімділік жақтарын да баса көрсетеді, жаңа-жаңа сауаттанып келе жатқан халқымыздың қайтадан сауатсыз болып қалатындығына, араб графикасымен жазылған дүниеліктерімізден қағажу қалып, тарихи санамыздың күнгірттенетініне де көңіл аудартады. Алайда латын графикасына көшуді үкімет орындары қолдағандықтан, бұл дәлелді уәж жайына қалды.

«Латыншалардың» («арабшаларды») түпкілікті жеңіп шығуына 1928 жылғы «Бүкілодақтық Орталық жаңа түркі алфавиті» деген комитеттің III пленумының тигізген ықпалы зор болды. Осы пленум шешіміне сай Бүкілодақтық Орталық комитеті президиумы «СССР халықтарының жаңа латын графикасы негізіндегі алфавиті жөнінде» қаулы қабылдап, онда жаңа алфавитке көшуге байланысты орындалатын практикалық шаралар мен көшудің нақты мерзімі белгіленді.

Сөйтіп, 1928 жылы Қызылорда қаласында латынды жақтаушылардың конференциясы шақырылып, онда жаңа (латын) алфавиттің жобасы талқыланды. Латын әліпбиіне қосымша қазақтың өзіндік дыбыстарын белгілеуге алты таңба алынды. Әріптердің санының көп болуы оны үйретуді қиындатады деген желеумен жаңа алфавитке көптеген таңбалар еңбей қалды. Бұл алфавиттің тағы бір кемшілігі – алфавитте бас әріптердің жоқтығы еді.

Жаңа алфавитке көшу дегеніміз – тек әріп таңбаларын ауыстыру ғана емес, сол жаңа алфавитке сәйкестендіріп жаңа емле (орфография) ережелерін жасау деген сөз. Жаңа емле ережесінің жобасы 1929 жылы Қызылорда қаласында шақырылған конференцияда талқыланды. Емлені талқылау кезінде көбірек талас туғызған мәселе – емлені қай (фонетикалық не морфологиялық) принцип негізінде қабылдау және термин сөздердің жазылуы жөніндегі мәселе болды. Конференцияға қатысушылардың көбі фонетикалық принципті жақтай отырып, бірақ шеттен кірген сөздерді шама келгенше бұзбай жазуды ұсынды.

Бұл қабылданған емле ережелерінде көптеген қайшылықтар бар екенін өмірдің өзі көрсетті. Мәселен, шет тілден кірген сөздерді өзгертпей жазу керек делінгенімен, оларды бұзбай жазуға жаңа әліпбидегі әріп таңбалары жетіспеді. Сондай-ақ фонетикалық принцип бойынша сөздер қалай естілсе, солай жазылатындықтан, әркім өз естуінше жазды. Мұның өзі бір газет бетінде, тіпті бір кітаптың бетінде бір сөздің әртүрлі болып жазылуына әкеліп соқтырды. Әсіресе шеттен кірген сөздер адам танымастай болып өзгереді. Бұл жөнінде профессор Қ. Жұбанов «Коммунист» деген сөздің 16 түрлі жазылатынын айта келіп, «сол 16 түрлі жазудың біреуін өзгесінен артық деп табарлық шын дәлел таба алмаймыз. Оны салыстырып қарағанда, бірінен-бірі артық не кем деп айтарлық дұрыс критерийіміз жоқ» – деп қынжылады [6].

1929 жылғы емленің қабылдану тұсында өз шешімін таппаған бір мәселе – кіріккен және біріккен сөздердің жазылуы. Мұндай сөздердің жазылуында бірізділік болмады. Ол сөздерді біреулер бірге (қосып) жазса, екіншілері бөлек жазды, ал үшіншілері арасына сызықша қойып жазды. Мысалы: жар қанат (жарғанат), жар – қанат: жаздың күні (жаздыгүн), жазды – күн т.б.

Әдеби тіліміздің дамуын байқататын тілімізде бар сөздерді дұрыс таңбалау үшін *х, ф, в* әріп таңбаларының жоқтығы да едәуір кемшілік туғызды. Мысалы, техника, совхоз, орфография, физика деген сөздер *теқнійке, санқоз, арпағырапыйа, пійзійке* болып жазылды.

Тек 1938 жылы қабылданған «Қазақ әліппесі мен орфографиясын біраз өзгерту туралы» қаулыдан соң ғана алфавитке бірсыпыра жаңа таңбалар қосылып, кейбір таңбалар өзгертілді. Мәселен, алфавитке жаңадан *в, ф, х* дыбыс таңбалары қосылды, бұрынғы *у* дыбысын таңбалайтын *ν* енді *в* дыбысын таңбалауға жұмсалды, қосарлы *уу, ұу, ый, ій* әріптерінің орнына жалаң *у, и* таңбалары алынып, жазуды біраз жеңілдетті. Дегенмен орыс тілі арқылы кіріп жапқан мыңдаған терминдерді «түп қосу өте ыңғайсыз болды, қабылданған ережелердің мәні кетті. Сондықтан мерзімді баспасөз беттерінде қазақтардың да, өзге түрік халықтары тәрізді, орыс графикасына көшкені дұрыс» деген пікірлер, ұсыныстар, көптеген жобалар жарық көрді. Ақыры одақтық үкіметтің о бастан-ақ СССР халықтарының жазуын унификациялау туралы саясатын іске асыруға толық мүмкіндік туды. Сондықтан көп дау-дамайға жеткізбей-ақ, 1940 жылы орыс графикасына негізделген қазіргі алфавитке көшіп тындық.

Орыс графикасын қабылдаумен байланысты жазу принципiмiз де өзгерiп, ендi морфологиялық (этимологиялық) принцип негiзге алынды, тек тiлiмiзге ертеректе кiрiп, қалыптасып кеткен самауыр, керует тәрізді шет тiл сөздерi ғана дәстүрлi принциппен жазылуға тиіс болды.

Бұл принцип негiзiнде көптеген шет тiлдiк термин сөздердi бiрiздi жазуға, әртүрлi жазылып келген тума сөздерiмiздi де бiрiнғай, бiрдей жазуымызға, сөйтiп сауаттылығымыздың едәуір жөнделуiне мүмкiндiк туды. Алайда жүре келе бұл принциптiң де кемшiн жақтары байқала бастады.

Ең алдымен, шет тiлден, әсiресе орыс тiлiнен енген сөздердi сол тiлдердегi тұлғасын бұзбай жазамыз деп ана тiлiмiздiң дыбыстық жүйесiнде жоқ, төл сөздерiмiздi жазуда қолданылмайтын орыс тiлiндегi дыбыс таңбалары есебiнен алфавитiмiздегi әрiп таңбаларының санын көбейтiп алдық, қазiргi бiздегiдей 42 әрiп түрiк тiлдерiнiң ешбiрiнде жоқ. Сол 42 әрiп iшiнде тек жазбада, оның iшiнде тек орыс сөздерiн жазуда ғана қолданылатын *ѐ, я, ю, ф, х, ц, ч, ии, ъ, ь* сияқты басы артық таңбалар бар едi. Сондай-ақ шеттен кiрген сөздердi өзгертпей алу принципiмiз қазақ тiлiнде ғасырлар бойы сақталып келе жапқан үндестiк заңының бұзылуына әкелiп соқтырды. Мұның өзi қазақ тiлi табиғатына жағ көрнiстердiң, мәселен, бiр сөздiң бiр буыны жуан, екiншi буыны жiңiшке болып келуi, қатар тұрмайтын, қазақ тiлiнiң дыбыс жүйесiне сай келмейтiн екi, үш дауыссыз дыбыстардың қатар келуi, т.б. тәрізді келеңсіздік етек алуына жағдай жасады. Морфологиялық принцип, сондай-ақ, бiрiккен, күрделi сөздердiң жазылуы мен айтылуының арасында алшақтық туғызды. Мәселен, Аманкелдi, Қаракөз деген кiсi аттарын айтқанда Амангелдi, Қарагөз деп айтып, жазғанда Аманкелдi, Қаркөз деп түбiрiн сақтап жазып келдiк, шекара (шегара), ақ ешкi (ағ ешкi) де сол сияқты.

Бұл айтылған кемшiлiктердi түзету үшiн қазiргi қолданып жүрген алфавитiмiздi өзгертiмiз, яғни жаңа бiр алфавитке көшуiмiз қажет пе?

Жалпы, дүниежүзi тiлдерiн алып қарасақ, еш халықта төрт аяғынан тең басқан, төрт құбыласы бiрдей алфавиттiң де, емле ережелерiнiң де жоқ екенiн көреміз. Алайда ол халықтар бiз сияқты бiр ғасырда 3-4 рет алфавит өзгертiп жапқан жоқ, алфавит пен емледе байқалған кемшiлiктерiн жамап-жасқап әлденеше жүздеген жылдар бойы пайдаланып келедi. Бiр кезде Ахмет Байтұрсынұлы реформалаған араб әлiпбиi де рухани дамуымызда едәуір рөл атқарған, кезiнде түрiк халықтарының бiрсыпырасы пайдалана бастаған жап-жақсы алфавит болатын. Оны өзгертудiң аса қажеттiлiгi де жоқ едi, бiрақ сол тұстағы саяси ағым жетегiне iлескендiктен әуелi лағынға, кейiн кириллицаға жеделдетiп көштiк те кеттiк.

Әлiпби өзгертудiң қиындығын өз кезiнде Ахаң былай деп көрсетiптi:

«Түрiк жұрттары әлiпбиi бар жоқ жұрттар болса, алдына салған әлiп-билердi қарап-

қарап, ұнатқан біреуін алар еді. Түрік жұрттары – тұтынып отырған әліп-би бар жұртта. Көбінің әліп-бимен байланысқан әдебиеті, мәде-ниеті бар. Тұтынып отырған әліп-биді тастап, бөтен әліп-биге көшкенде, қанша сауатты адамдар сауатсызға айналмақшы, қанша мұғалімдер қайта-дан хат үйренбекші, қанша баспаханалардың қаріптары жаңадан жасалып, жаңадан құйылмақшы, қанша қарыптізушілер (терушілер – Б.Ә.) қайтадан үйренбекші, қанша қаржы шықпақшы, қанша еңбек сарп етілмекші. Осыншама құрбандықтың бәрін өтегендей алмастырып алатын әліп-биде бұрынғымыздан анағұрлым артықшылық болуы керек» [7].

Бүгін маған сол кездегі жағдай көп ретте қайталанып отырған сияқты. Ол кезде де қажеттіліктен гөрі «бүкіл түрік тілдес халықтар көшіп жатқанда біз қаламыз ба?» деген желеу басты орын алған болатын, қазірде солай. Ол кезде де «күн өткен» араб алфавитінен құтылып, латын арқылы «Еуропа өркениетіне бір табан жақындаймыз» деген алдамшы ұран басшылыққа алынған еді, қазір де тілдердің жақындаспағаны белгілі. Латын алфавитін пайдалану қазақ тілінде бұзыла бастаған үндестік заңын қалпына келтіреді деген пікірге де сену қиын. Өзіміз кезінде даптаған, алды-артымызға қарамай, қашып құтылған латын графикасына қайта қызыққанмыз қалай? Сондағы бір басты мақсатымыз – орыс «әсерінен» құтылу болатын болса, одан біз әлі де талай жылдар құтылуымыз екіталай. Өйткені орыс ағайындармен бөлінбеген байлығымыз, жіпсіз байланған экономикамыз бар екенін ұмытпайық. Бұны былай қойғанда, орыс тілі әлі де қазақ мектептерінде негізгі пән ретінде бастауыш кластардан бастап оқытылып жатқанда, латын графикасын бір меңгеріп, одан соң орыс әліппесін екінші рет үйрену қазақ оқушыларына белгілі дәрежеде қиындық келтіретіні күмәнсыз. Ал мемлекеттік тілді үйренеміз деген славян ағайындарды жаңа латын алфавитімен сауаттандырып, одан кейін қазақ тілін үйретеміз дегендік те оңай шаруа болмасы белгілі. Сондықтан дәл қазіргі жағдайымызда графика өзгертеміз деген де, оның ішінде латынға қайта ораламыз деген де мен үшін жете ойланбаған көзқарас тәрізді.

Сол 1926 жылдары латын алфавитіне көшу туралы пікір дендеп бара жатқан тұста Ахаң (Ахмет Байтұрсынұлы) алда-жалда алфавит өзгерту қажет болса, орыс графикасына ақ көшелік депті. Сонда түрік халықтарының түбі кирилицаға көшпей тынбайтынын болжады ма екен, әлде орыс графикасының латынға қарағанда түрік тілдерінің дыбыс жүйесін дұрыс беруге икемділігін ескерді ме екен деп ойлаймыз.

Одан да осы графикамыздың олпы-солпы жерлерін жөндеп, емлеміздің қиындық келтіріп жүрген жерлерін жеңілдетіп, қайта қарасақ деген пікірді дұрыс көремін. Ал тілімізде шектен тыс көбейіп кеткен орыс сөздерін, терминдерін шама келгенше (баламасы табылса) өз тіліміздегі сөздермен ауыстырған жөн болар еді. Бірақ мұны науқандық жұмыс етпей және жаппай аударуды мақсат етпесек, тек әбден ойластырып, жұрт талқысына салып, он өлшеп, бір кесіп дегендей әдіспен жүргізсек деймін. Қысқасы, бұл мәселеде өткен тарихымыздың, әсіресе әліппе өзгерту тарихымыздың тәжірбиесін мұқият ескерсек деймін.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- [1] Ильминский Н.И. Из переписки по вопросу о применении русского алфавита к инородческим языкам. Казань, 1883. С. 22.
- [2] Дала уәлаятының газеті. 1990. №6. – 5 б.
- [3] Дала уәлаятының газеті. 1894. №39. – 2 б.
- [4] Дала уәлаятының газеті. 1899. №23. – 3 б.
- [5] Яковлев Н. Проблемы национальной письменности восточных народов СССР // В борьбе за новый тюркский алфавит. М., 1926. С. 69.
- [6] Мемлекеттік терминологиялық комиссияның Бюллетені. 1935. №4. – 15 б.
- [7] Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. Алматы, 1992. 415-б.